

## Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Казталов, Теректі және Бәйтерек аудандарының шекараларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 428 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Казталов, Теректі және Бәйтерек аудандарының шекараларын белгілеу туралы "Батыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 49 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының № 33-8 бірлескен қаулысы мен шешіміне келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 24 маусымдағы  
№ 428 қаулысына  
қосымша

## Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Казталов, Теректі және Бәйтерек аудандары жерлерінің экспликациясы

Р/с №	Санаттар атауы	Жалпы ауданы, га			
		Ақжайық ауданы	Бәйтерек ауданы	Казталов ауданы	Теректі ауданы
1	2	3	4	5	6
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	1305595	518748	1005024	541380
2	Елді мекендердің жері	841509	98090	220338	86866
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына	3351	8605		4047

	арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер			5006	
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	0	35163	0	27
5	Орман қорының жері	74843	150	0	38766
6	Су қорының жері	25230	7354	13414	27665
7	Босалқы жер	321077	74023,5	616799	98006
8	Жер жиыны	2571605	742133,5	1860581	796757

1. Ақжайық ауданының аумағы 2571605 гектарды құрайды, шекарасы мынадай болып белгіленген:

солтүстік бөлігі Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданымен шектеседі, оның шекарасы Киров-Шежін каналы бойымен өтеді, солтүстік-батысында Тасқала ауданымен шектеседі;

шығыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданымен, солтүстік-шығысында Теректі ауданымен шектеседі;

оңтүстік бөлігі Атырау облысының Индер ауданымен шектеседі, оңтүстік-шығысында Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданымен шектеседі;

батыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданымен шектеседі.

2. Қазталов ауданының аумағы 1860581 гектарды құрайды, шекарасы мынадай болып белгіленген:

солтүстік бөлігі Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданымен шектеседі;

шығыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданымен шектеседі;

оңтүстік бөлігі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала және Бөкей ордасы аудандарымен шектеседі;

батыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданымен және Ресей Федерациясының Саратов облысымен шектеседі.

3. Теректі ауданының аумағы 796757 гектарды құрайды, шекарасы мынадай болып белгіленген:

солтүстік бөлігі Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданымен шектеседі, солтүстік-шығысында Бөрлі ауданымен шектеседі;

шығыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Бөрлі және Сырым аудандарымен шектеседі;

оңтүстік бөлігі Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданымен шектеседі;

батыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы және Орал қаласымен шектеседі.

4. Бәйтерек ауданының аумағы 742133,5 гектарды құрайды, шекаралары мынадай болып белгіленген:

солтүстік бөлігі Ресей Федерациясының Самара облысымен шектеседі, солтүстік-шығыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданымен және Ресей Федерациясының Орынбор облысымен шектеседі;

шығыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Орал қаласымен және Теректі ауданымен шектеседі;

оңтүстік бөлігі Батыс Қазақстанның облысының Ақжайық ауданымен шектеседі;

батыс бөлігі Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданымен және Ресей Федерациясының Саратов облысымен шектеседі.


**СХЕМАСЫ**

**Бәйтерек ауданы**

Аумағы – 742133,5 га  
Халық саны – 60025  
Ауылдық округтердің саны – 21  
Елді мекендер саны – 68

**Теректі ауданы**

Аумағы – 796757 га  
Халық саны – 40229  
Ауылдық округтердің саны – 15  
Елді мекендер саны – 52



**Казталов ауданы**

Аумағы – 1860581 га  
Халық саны – 30621  
Ауылдық округтердің саны – 16  
Елді мекендер саны – 48

**Ақжайық ауданы**

Аумағы – 2571605 га  
Халық саны – 39452  
Ауылдық округтердің саны – 18  
Елді мекендер саны – 52